

МРНТИ 10.59.01
УДК 349.6
JEL K32

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-80-90>

ТЕЛЕУЕВ Г.Б.,*¹

PhD, аға оқытушы.

*e-mail: telgalym@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9575-5278

ТАНАТБАЕВА Ж.Е.,¹

докторант.

e-mail: tanatbayeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9575-5536

РЕМИ М.,²

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: michei.remi@usa.es

ORCID ID: 0000-0003-0218-7377

НҰРМУХАНҚЫЗЫ Д.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: daniyafmo@mail.ru

ORCID ID 0000-0003-3817-1975

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Талдықорған қ., Қазақстан

²Кадис университеті,

Кадис қ., Испания

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметі зерттелген. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік-құқықтық реттеудің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі негізделген. Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде Орталық Азия мемлекеттері мен өзге де шет мемлекеттердегі гидротехникалық құрылыстар қызметіне жауапты органдардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіліп, гидротехникалық құрылыстарды басқарудың тиімді моделін айқындауға бағытталған ғылыми тұжырымдар жасалған. Зерттеу қорытындысында Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстар қызметіне жауапты мемлекеттік органдардың жұмысын жетілдіру қажеттілігіне қатысты тұжырымдар берілген. Сонымен қатар, елімізде гидротехникалық құрылыстар туралы арнайы заң қабылдап, уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті мен өкілеттіктерін нақты бекіту қажеттігі туралы қорытындылар ұсынылған. Зерттеу нәтижелерін еліміздің су құқығы саласындағы ғылыми зерттеулерде және су қатынастарын құқықтық реттеуге бағытталған құқық шығармашылық қызметте қолдануға болады.

Тірек сөздер: гидротехникалық құрылыстар, су қатынастары, мемлекеттік реттеу, су саясаты, трансшекаралық ынтымақтастық, климаттық өзгерістерге бейімделу, су заңнамасы.

Кіріспе

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз жұмыс істеуінің басты мақсаты – халық пен аумақтарды апатты су тасқындарынан қорғау, гидротехникалық құрылыстардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы дақылдарын және халықты тұрақты сумен жабдықтау, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік нысандарды электр энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа да салаларының дамуының, сондай-ақ халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының артуының маңызды

кепілі болып саналады [1]. Заманауи статистикалық мәліметтерге сәйкес, әлемде шамамен 58,4 мың бөгет бар, оның ішінде 37,4 мыңы соңғы 65 жыл ішінде салынған. Қазіргі уақытта су қоймалары арқылы жалпы көлемі 38,3 мың км³ өзен ағынының 16,1 мың км³-ден астамы реттеледі. Бұл гидротехникалық құрылыстардың су шаруашылығы жүйесінде маңызды орын алатынын және орнықты дамуды қамтамасыз етуде елеулі рөл атқаратынын көрсетеді. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіз жай-күйін қамтамасыз етуде мемлекеттік-құқықтық реттеу тетігі шешуші рөл атқарып қана қоймай, мемлекеттің экономикалық тұрақтылығына да тікелей ықпал етеді. Қазақстан Республикасында Су ресурстары және ирригация министрлігінің бастамасымен жеке меншік нысанындағы немесе қараусыз қалған гидротехникалық құрылыстарды мемлекеттік кәсіпорындардың балансына беру жөніндегі жол картасы әзірленген. Осыған сәйкес, 2025 ж. 120 гидротехникалық нысан мемлекеттік меншікке өткен болса, 2026 ж. – 245, ал 2027 ж. 456 нысанды мемлекет балансына беру жоспарланған. Сонымен қатар, шамамен 1937 гидротехникалық нысанды коммуналдық меншіктен республикалық меншікке ауыстыру көзделіп отыр [2].

Жалпы, Қазақстан Республикасында соңғы жылдары гидротехникалық құрылыстар қызметіне байланысты орын алған апаттардан кейін оларды мемлекеттік меншікке беру жұмыстары күшейтілді (1-кесте).

Кесте 1 – Гидротехникалық құрылыстарды мемлекет меншігіне өткізу динамикасы

№	Жыл	Мемлекет меншігіне өткен гидротехникалық құрылыстар саны
1	2025 ж.	120
2	2026 ж.	245
3	2027 ж.	456 (жоспарда)
Ескертпе: Авторлар құрастырған.		

Гидротехникалық құрылыстардың қызметі мемлекеттің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен орнықты дамуға көшудегі маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осыған байланысты олардың құрылысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметін құқықтық тұрғыдан зерттеу және жетілдіру шараларын ұсыну заң ғылымын дамытуға негіз болады. Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың маңызы су тапшылығының артуына, трансшекаралық су пайдалану мәселелеріне және климаттық өзгерістерге байланысты ерекше өзектілікке ие болып отыр. Осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік талаптарға сәйкестігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметі барысында туындайтын құқықтық қатынастар.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар мен негізгі ережелер, сондай-ақ осы саладағы халықаралық актілер, ұлттық заңнама және құқық қолдану тәжірибесі.

Ғылыми мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасында және кейбір шет мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметіне кешенді талдау жүргізу негізінде құқықтық олқылықтарды анықтап, осы саладағы заңнама мен ұлттық тәжірибені жетілдіру жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалған:

1. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мен олардың қолданысқа енгізілуінің нормативтік құқықтық негіздеріне талдау жасау.

2. Қазақстан Республикасындағы және кейбір шет мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстарды салу мен су құрылыстары саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті мен олардың қызметінің мазмұнын анықтау.

3. Күрделі су құрылыстарын басқару саласындағы органдардың жүйесін ұсыну.

4. Еліміздегі күрделі су құрылыстарын салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нормалардың олқылықтарын анықтап, оларды тиімді шешу жолдарын көрсету.

5. Гидротехникалық құрылыстарды салу мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ұлттық тәжірибені жетілдіру мақсатында шетелдік осы саланы мемлекеттік реттеу органдарының қызметіне талдау жасау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелерін зерттеуге арналған. Зерттеу барысында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тиімді модельді анықтау мақсатында Орталық Азия мемлекеттері мен өзге де шет мемлекеттердің тәжірибесі негізінде салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі кеңінен қолданылды. Ғылыми мақаланың эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасының Су кодексі, гидротехникалық құрылыстардың қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік органдардың ресми актілері құрады. Ғылыми-құқықтық талдау әдісі отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерінің мазмұнын зерделеу барысында қолданылды.

Сонымен қатар, шет мемлекеттер мен Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстар қызметін реттеуге қатысты негізгі нормативтік-құқықтық актілерді талдау кезінде формальды-құқықтық әдіс кеңінен пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

XX ғ. соңғы онжылдықтары мен XXI ғ. алғашқы онжылдықтары жаһандық су мәселесінің өзектілігінің артуымен сипатталып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударуды талап етті. Сонымен қатар, қоршаған орта мен су қауіпсіздігі саласында теориялық және құқықтық зерттеулер белсенді түрде жүргізілуде. Қазақстан Республикасында су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі – гидротехникалық құрылыстар қызметін құқықтық реттеуді жүйелеу болып табылады. Жалпы, су саласын реттеудің басты міндеті – су объектілерін (өзендер, көлдер, теңіздер, жер асты сулары) экономикалық тұрғыдан тиімді әрі ұтымды пайдалануға жағдай жасау. Табиғи су ресурстарын, атап айтқанда өзендер, көлдер, теңіздер мен жер асты суларын тиімді пайдаланумен қатар, су шаруашылығының түрлі салаларында жасанды су ағындары мен күрделі су (гидротехникалық) құрылыстары кеңінен қолданылады.

Су ресурстарының қолжетімділігі ең алдымен табиғи факторларға тікелей байланысты болғандықтан, өзен арналарын тазарту, су көздерін қалпына келтіру, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін су алу, тау-кен өндірісіндегі дренаж, су жинау жүйелерін дамыту сияқты іс-шаралар арқылы қамтамасыз етіледі. Аталған компоненттердің күрделілігі экологиялық және антропогендік өзгерістерге байланысты артып келеді. Көптеген дамушы мемлекеттер су ресурстарының жеткіліксіздігі мен сумен жабдықтау қажеттілігінің артуына байланысты түрлі қиындықтарға тап болуда. Климаттың өзгеруі, халық санының өсуі және су ресурстарын тиімсіз басқару әлемнің көптеген өңірлерінде су тапшылығына алып келді. Қазіргі жағдайда қарқынды экономикалық даму су тапшылығы мәселесін одан әрі күшейтуде. Сондықтан осы процестердің теріс әсерін азайтуға бағытталған шараларды қабылдау қажет. Су тапшылығы қаупін төмендету және су ресурстарының қолжетімділігін тұрақтандыруда гидротехникалық құрылыстардың рөлі ерекше маңызды [3].

Құқықтық философия тұрғысынан гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі тек техникалық немесе әкімшілік жауапкершілік ретінде ғана қарастырылмауы тиіс. Сонымен қатар, ол болашақ ұрпақтың мүдделері мен қоғамның жалпы әл-ауқатын қорғауға бағытталған заңдық міндет ретінде бағалануы қажет. Осы жағдайда құқық тек реттеуші құрал ғана емес, сонымен бірге профилактикалық бақылау мен тиімді пайдалануды ұйымдастыру тетігі ретінде қызмет етуі тиіс. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі – қауіпсіздікті бағалау және профилактикалық қадағалау жүйесін жетілдіру.

Тарихи тұрғыдан алғанда, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі салалық заңнамамен және Орталық Азия елдеріндегі орталықтандырылған мемлекеттік бақылау жүйесі арқылы реттеліп келді. Бұл модель инфрақұрылым қауіпсіздігі мен тәуекелдерді басқаруда мемлекеттің шешуші рөлін айқындайтын құқықтық философияны көрсетеді [2].

Су шаруашылығы тәжірибесі көрсеткендей, гидротехникалық құрылыстар қызметіндегі болмашы ақаулардың өзі ірі табиғи апаттарға алып келуі мүмкін. Әсіресе 30–40 жылдан астам уақыт пайдаланылып келе жатқан гидротехникалық құрылыстарда апаттардың орын алу қаупі арта түседі. Әлемнің әртүрлі мемлекеттеріндегі гидротехникалық құрылыстарда орын алған апаттарға жүргізілген статистикалық талдау олардың тіреуіш конструкциялары салыстырмалы түрде сенімді болғанымен, әрбір мың бөгеттің бірінде ірі апат немесе адам шығынына, ірі материалдық залалға және экологиялық зардаптарға алып келетін төтенше жағдайлардың тіркелетінін көрсетеді [4].

Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 90%-ы, электр энергиясының 40%-ы, гидротехникалық құрылыстардың төменгі ағысындағы су жинау алаптарында тұратын 15 миллионнан астам халықтың қауіпсіздігі, сондай-ақ экономиканың басқа да салаларының тұрақты қызметі гидротехникалық құрылыстардың тиімді жұмысына тікелей байланысты [5]. Гидротехникалық құрылыстардың қызметі мен олардың қауіпсіздігіне жауапты мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселесін зерттеу үшін Орталық Азия мемлекеттеріндегі осы саладағы мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметіне талдау жүргізу қажет. Жалпы, гидротехникалық құрылыстар қызметіне жауапты органдардың құқықтық мәртебесі мен қызметін реттеу шет мемлекеттерде әртүрлі ерекшеліктерге ие. Бұл, ең алдымен, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыты алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу, жобалау және оларды тиімді пайдалану барысында барлық техникалық регламенттердің уақытылы орындалуын мемлекеттік деңгейде қатаң бақылаумен байланысты.

Трансшекаралық су ресурстарында орналасқан бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету көршілес мемлекеттердің қауіпсіздігіне ықтимал теріс әсердің алдын алу тұрғысынан ерекше маңызға ие. Орталық Азия мемлекеттеріндегі гидротехникалық құрылыстарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын талдау нәтижесінде Өзбекстан Республикасының заңнамасы осы салада жетекші орын алатыны байқалады. Өзбекстан Республикасында ірі гидротехникалық құрылыстарды қадағалайтын арнайы уәкілетті орган құрылған, сондай-ақ «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» Заң қабылданған. Аталған заңға сәйкес гидротехникалық құрылыстың меншік иесі мен пайдаланушы ұйымы «гидротехникалық құрылыстар қауіпсіздігінің нашарлау себептерін жүйелі түрде талдауға, олардың техникалық жай-күйін бақылауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ авариялардың алдын алу жөніндегі шараларды жедел әзірлеп, іске асыруға» міндетті [6]. Осы Заңның 6-бабына сәйкес, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мыналар болып айқындалған:

- ♦ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- ♦ гидротехникалық құрылыстарда табиғи және антропогендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын азайтуға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;
- ♦ ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту, сондай-ақ инновациялық және практикалық жобалардың нәтижелерін өндірістік тәжірибеге енгізу;
- ♦ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- ♦ халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті, гидротехникалық құрылыстардың қызметіне жауапты арнайы уәкілетті орган, Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы министрлігі және жергілікті атқарушы органдардың гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құзыреттері мен жауапкершілігі нақты айқындалған [7].

Ал Тәжікстан Республикасында Энергетика және су ресурстары министрлігінің жанындағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау қызметі гидротехникалық құрылыстар пайдалануға берілгеннен кейін оларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті атқарушы орган болып табылады.

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- ♦ бөгеттерді, су электр станциялары ғимараттарын, су өткізу тоннельдерін және өзге де гидротехникалық құрылыстарды жөндеу-құрылыс жобаларын әзірлеу мен іске асыру барысында нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

- ♦ су электр станцияларының гидротехникалық құрылыстарындағы геодезиялық және геосүзгілеу жұмыстарын бақылауды қамтамасыз етеді;

- ♦ қауіпсіздік декларацияларын рәсімдеу тәртібін және оған енгізілетін деректер тізбесін әзірлейді;

- ♦ гидротехникалық құрылыстардағы авариялардың алдын алу бойынша бақылау шараларын жүзеге асырады;

- ♦ гидротехникалық құрылыстар аумақтарын, өзен арналары мен оларға іргелес аумақтарды пайдалану мәселелерін тиісті мемлекеттік органдармен келіседі [8].

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін басқаруда Тәжікстан Республикасының тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Себебі Тәжікстан Республикасының Су кодексі су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттеудің негізгі қайнар көзі болып табылады. Сонымен қатар, аталған кодексте гидротехникалық құрылыстар қызметіне жауапты жалпы құзыретті мемлекеттік органдардың мәртебесі мен қызметі бекітілген. Тәжікстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау қызметі жұмыс істейді. Су ресурстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты негізгі орган – Төтенше жағдайлар министрлігі. Оның негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

1. Ерекше маңызы бар объектілерді, соның ішінде құбырларды, ауыз су көздерін, электр станцияларын және гидродинамикалық құрылыстарды күзетуді ұйымдастыру.

2. Су тасқыны мен сел қаупі бар аймақтарды анықтау, жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу және қорғаныш аймақтарының құрылысын бақылау.

3. Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп қауіпсіздік, санитариялық-гигиеналық қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылау.

4. Халықты ауыз сумен қауіпсіз қамтамасыз ету мақсатында ауыз су көздерін қорғау және пайдалану.

5. Мемлекеттік органдармен бірлесіп бақылау және мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.

6. Табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

8. Төтенше жағдайларды болжау және мониторингтеу жүйесін құру бойынша қажетті шараларды қабылдау [8].

Ал Қырғызстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық базаның негізін Су кодексі құрайды. Қырғызстан Республикасының Су кодексінде су тасқыны, құрғақшылық, сел және көшкін қаупі, гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі мен тұрақтылығы туралы ақпараттық-басқару жүйесінің құрылымы бекітілген. Сонымен қатар, объектілердің халық үшін ықтимал қауіптілігіне қатысты болжамдар қарастырылған. Кодекс су объектілерін пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық қатынастардың негізгі қағидаттарын айқындайды. Алайда, гидротехникалық құрылыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, төтенше жағдайлар қаупін бағалау тетіктері жеткілікті деңгейде нақтыланбаған. Қырғызстан Республикасының тәжірибесінде гидротехникалық құрылыстар су шаруашылығы құрылыстарының бір түрі ретінде қарастырылып, оларды басқару су ресурстарын басқаруға жауапты мемлекеттік органның құзыретіне жатады [9]. Түрікменстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану қағидалары қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі реттеуші тетігі ретінде қарастырылады. Түрікменстанның Су кодексіне сәйкес, суды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Түрікменстан Министрлер Кабинеті, уәкілетті мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асырады (10-бап, 1-т.). Уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметіне жалпы басшылықты Түрікменстан Министрлер Кабинеті жүзеге асырады. Сонымен

қатар, аумақтық-бассейндік мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдары суды пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындайтын уәкілетті органға ведомстволық бағынысты құрылымдар болып табылады [10]. Әзірбайжан Республикасы су қауіпсіздігінің әлеуметтік (қоғамдық денсаулық) және экологиялық аспектілеріне ерекше назар аударады, ал бөгеттердің қауіпсіздігі осы жүйенің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта елде халықты сумен қамтамасыз етуді жақсарту және жаңа гидроэлектр станцияларын салу бағытындағы ірі жобалар, соның ішінде Тахтакөрпу су қоймасы мен Шәмкірчай су қоймасы жобалары іске асырылуда [11].

Бүгінде Әзірбайжан Республикасында 1,435 млн га суармалы жер пайдаланылуда, оның 118,2 мың га Армения басып алған аумақта орналасқан. Республикада өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 85–90%-ы осы суармалы жерлердің үлесіне тиесілі. Суармалы жерлер негізінен ыстық әрі құрғақ климат жағдайындағы жазық аймақтарда орналасқан. Сонымен қатар, 600 мың га астам аумақта кешенді мелиорациялық іс-шаралар жүргізіліп, коллекторлық-дренаждық желілер салынған. Жалпы республика бойынша жыл сайын 10–13 млрд текше метр су пайдаланылады, оның 65–70%-ы ауыл шаруашылығы саласының үлесіне тиеді. Әзірбайжан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- ♦ құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- ♦ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-техникалық саясатты айқындау және халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- ♦ құрылыстардың қауіпсіздік деңгейі бойынша жіктелуін және оларды қорғау режимін белгілеу;
- ♦ гидротехникалық құрылыстардың мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін бекіту;
- ♦ құрылыстардың қауіпсіздігіне сараптама жүргізу және қауіпсіздік декларацияларын әзірлеу қағидаларын бекіту;
- ♦ авариялық жағдайларға техникалық тексеру жүргізетін арнайы комиссияларды ұйымдастыру;
- ♦ гидротехникалық құрылыстардың сенімділігі мен қауіпсіз пайдалану талаптарына қатысты нормативтер мен стандарттарды әзірлеу және бекіту;
- ♦ мемлекеттік бақылау жүргізу қағидаларын айқындау;
- ♦ аварияға ұшыраған немесе табиғи апаттар салдарынан бүлінген құрылыстарды жою, қалпына келтіру немесе консервациялау туралы шешім қабылдау [11].

Жоғарыда аталған мемлекеттердің тәжірибесімен салыстырғанда, Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың қызметі кешенді әрі салааралық сипатымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты органдарды шартты түрде тікелей және жанама басқарушы органдар деп екі санатқа бөліп қарастыруға болады. Біздің пікірімізше, гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тікелей органы ретінде Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі қарастырылуы тиіс. Аталған министрліктің негізгі қызмет бағыттарына мыналар жатады:

- ♦ су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- ♦ су жеткізу қызметтерін ұйымдастыру;
- ♦ су қатынастары саласындағы табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу және бақылау;
- ♦ гидротехникалық құрылыстар арқылы беттік ағындарды реттеу және басқа да заңнамамен айқындалған функцияларды жүзеге асыру [12].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж. 4 қазандағы №863 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері туралы» ережеге сәйкес министрліктің гидротехникалық құрылыстарға қатысты келесі құзыреттері бар:

- ♦ гидротехникалық құрылыстарды пайдалану және жөндеу тәртібін белгілеу;
- ♦ суару арналары арқылы су жеткізу және гидротехникалық құрылыстар арқылы беттік ағындарды реттеу қызметтерін бақылау;

- ♦ гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын тексеру ережелерін бекіту;
- ♦ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі жөніндегі қағидаларды бекіту;
- ♦ гидротехникалық құрылыстарды сертификаттау тәртібін айқындау;
- ♦ республикалық меншіктегі су ресурстары мен гидротехникалық құрылыстардың жұмысын ұйымдастыру [13].

Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды стратегиялық ұйымдардың бірі – «Қазсушар» ШЖҚ РМК. Бұл кәсіпорын су шаруашылығы инфрақұрылымын басқаруды жүзеге асырып, мемлекеттік су саясатын іске асыруда негізгі рөл атқарады. Сонымен қатар, «Қазсушар» гидротехникалық құрылыстарды техникалық қызмет көрсету, жөндеу және қайта жаңарту жұмыстарын жүргізеді, олардың техникалық жай-күйін бақылайды және су ресурстарын басқарудың заманауи технологияларын енгізуге қатысады. Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі нормативтік-құқықтық базасын Қазақстан Республикасының Су кодексі және Су ресурстары және ирригация министрлігінің гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік актілері құрайды. Алайда, аталған құқықтық актілерде мемлекеттік органдардың құзыреттері көбіне жалпы сипатта ғана белгіленген. Сонымен бірге, жаңа редакциядағы Су кодексінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мен пайдалану режиміне қатысты нормалар кеңейтілген [14]. Ал гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі регламентін бекіту туралы министрлік бұйрығында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нақты талаптар қарастырылғанымен, мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен өзара құзыреттерін нақты айқындайтын нормалар жеткіліксіз [15]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қызметіне жанама түрде ықпал ететін әртүрлі мемлекеттік органдар бар. Олар гидротехникалық құрылыстардың экологиялық талаптарға сәйкестігін, авариялық қауіпсіздігін, құрылыс нормаларының сақталуын, коммуналдық меншіктегі объектілердің қызметін бақылауды, тарифтік реттеуді және пайдалану режимін айқындауды жүзеге асырады. Осыған байланысты гидротехникалық құрылыстарды басқару тек бір органның құзыретімен шектелмейді. Мұндай модельдің жағымды жағы – басқарудың кешенділігін қамтамасыз ету болса, жағымсыз жағы – басқару функцияларының жүйесіздігі мен мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі болып табылады. Өкінішке қарай, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының көптігіне қарамастан, бөгеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында олардың арасында тиімді үйлестіру мен ынтымақтас-тық тетіктері толық қалыптаспаған.

Бұл мәселе болашақтағы ғылыми зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі бола алады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның құрылымдық тұтастыққа ие еместігін және алдын алу сипатындағы құқықтық стандарттарды жүйелі түрде біріктіруді толық қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Бұл мәселе тек әкімшілік сипаттағы проблема ғана емес, сонымен қатар салалық заңнамадағы құқықтық олқылықтардың көрінісі болып табылады. Доктриналық талдау гидротехникалық құрылыстар қауіпсіздігіне қатысты нормалардың су құқығы, экологиялық құқық, азаматтық қорғау заңнамасы және құрылыс нормалары арасында шашыраңқы түрде орналасқанын көрсетті. Алайда, бұл салада біртұтас арнайы заңнамалық актінің болмауы тәуекелдерді жіктеу, алдын алу міндеттемелері, бақылау өкілеттіктері мен жауапкершілік стандарттарын нақтылауда құқықтық олқылықтарға алып келеді. Қолданыстағы нормативтік актілер негізінен бөгеттерді тіркеу және санаттау мәселелеріне бағытталған, ал өзге гидротехникалық құрылыстар кешенді рәсімдік кепілдіктермен толық қамтылмаған. Бұл жағдай заңнаманың жүйелілігі мен иерархиялық үйлесімділігін әлсіретіп, құқық қолдану тетіктерінің тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіреді [16].

Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге бағытталған кешенді салыстырмалы-құқықтық талдаулар жүргізілді. Ерекше назар мемлекеттік басқарудың институционалдық жүйесіне, салааралық құрылымына

және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тетіктеріне аударылды. Үздік тәжірибелерді айқындау мақсатында Орталық Азия мемлекеттеріндегі гидротехникалық құрылыстарды салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты органдардың қызметіне заңнамалық талдау жасалды. Зерттеу объектісі ретінде қарастырылған мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрақты дамуға көшу әлеуетімен тікелей байланысты екені анықталды.

Орталық Азия мемлекеттері өздерінің құқықтық жүйелерінің ерекшеліктеріне сәйкес гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әртүрлі мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерін қолданады. Кейбір мемлекеттерде бұл мәселе арнайы нормативтік-құқықтық актілермен реттелсе, енді бір елдерде жалпы құқықтық актілер шеңберінде қарастырылған. Сонымен қатар, жекелеген мемлекеттерде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне жауапты органдардың құзыреттері фрагментарлық сипатта ғана бекітілгені байқалады. Жүргізілген салыстырмалы талдау гидротехникалық құрылыстарды салу мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органдардың қызметі бірыңғай институционалдық құрылым негізінде ұйымдастырылып, әрбір органның жауапкершілік шегі нақты айқындалуы және олардың өзара іс-қимылы жоғары деңгейде үйлестірілуі қажет екенін көрсетті.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы үшін арнайы «Гидротехникалық құрылыстар туралы» заң қабылдау қажеттігі жөнінде ұсыныс жасаймыз. Аталған заңда гидротехникалық құрылыстардың қызметі мен қауіпсіздігіне жауапты мемлекеттік органдардың құзыреттері нақты әрі жүйелі түрде бекітілуі тиіс. Сонымен қатар, барлық уәкілетті органдардың қызметін үйлестіретін және осы салаға жалпы басшылық жасайтын арнайы мемлекеттік орган құру қажет деген қорытындыға келеміз. Зерттеу нәтижелері негізінде отандық гидротехникалық құрылыстардың қызметі мен қауіпсіздігіне жауапты мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Зерттеуде ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен идеялар осы бағыттағы болашақ ғылыми зерттеулер үшін теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын AP26193915 «Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеу» гранттық жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Махмакулов Н.И., Чориев И.Н. Меры по обеспечению безопасности гидротехнических сооружений // Наука и образование. – 2022. URL: <https://www.cawater-info.net/bk/dam-safety/papers.htm> (дата обращения: 23.03.2026)
- 2 2026 жылы 245 гидротехникалық нысан мемлекеттік меншікке өтеді // DKNNews. URL: <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/370464-2026-zhyly-245-gidrotehnikalyk-nysan-memlekettik> (өтініш берілген күн: 02.05.2026)
- 3 Музтауов Ж., Гаврилова Ю., Умаров Д. Нормативно-правовое регулирование гидротехнических сооружений и их влияние на водную безопасность Республики Казахстан // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Право. – 2024. – № 146(1). – С. 158–175. URL: <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/354>
- 4 Телеуев Г.Б., Танатбаева Ж.Е., Нарзуллаев О.Х. Некоторые вопросы правил государственно-правового регулирования эксплуатации гидротехнических сооружений в Республике Казахстан // Eurasian Scientific Journal of Law. – 2025. – № 4(13). – С. 42–52. DOI: 10.46914/2959-4197-2025-1-4-42-52
- 5 Narzullaev O.K., Kholmuminov J.T., Baratov A.S., Mamatqulov R.P., Khamidov B.K. Ensuring the Safety of Hydraulic Structures in Central Asia: A Comparative Perspective // Legality: Journal Ilmiah Hukum. 2026. Vol. 34. No. 1. P. 46–66. DOI: 10.22219/ljih.v34i1.42508
- 6 Миканович Д.С. Прогнозирование возникновения чрезвычайных ситуаций на грунтовых подпорных сооружениях шламохранилищ Республики Беларусь: дис. ... канд. техн. наук. – Минск, 2020. – 214 с.

7 О безопасности гидротехнических сооружений: Закон Республики Узбекистан // Национальная база данных законодательства Республики Узбекистан. – 2023. URL: <https://lex.uz> (дата обращения: 23.03.2026)

8 О безопасности гидротехнических сооружений: Закон Республики Таджикистан // Ахбори Маджлиси Оли Республики Таджикистан. – 2020. – № 12(1), с. 825. URL: https://www.cawater-info.net/bk/water_law/pdf/tj_hts_safety_2010.pdf (дата обращения: 23.03.2026)

9 Водный кодекс Кыргызской Республики от 12 января 2005 года № 8 (в ред. 2025 г.) // Официальный интернет-портал нормативных правовых актов Кыргызской Республики. – 2025. URL: <https://cbd.minjust.gov.kg> (дата обращения: 23.03.2026)

10 Водный кодекс Республики Туркменистан № 685-V. – 2015. URL: <https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=82935> (дата обращения: 23.03.2026)

11 Водный кодекс Азербайджанской Республики № 418-IQ. – 1997. URL: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=2564 (дата обращения: 23.03.2026)

12 Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі. Ресми интернет-ресурс. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/water?lang=kk> (өтініш берілген күн: 07.05.2026)

13 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысы «Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері» // Әділет. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 07.05.2026)

14 Қазақстан Республикасының Су кодексі № 178-VIII. – 2025. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000178> (өтініш берілген күн: 07.05.2026)

15 «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы регламентті бекіту туралы» ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 15 шілдедегі № 173-НҚ бұйрығы // Әділет. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036459> (өтініш берілген күн: 07.05.2026)

16 Mukasheva A.A., Narzullaev O.K., Teleuev G.B., Bekturganov A.E., Tanatbaeva Zh.E. Regulating Transboundary Water Resources and Hydraulic Infrastructure in Central Asia // Journal of Sustainable Development and Regulatory Issues. 2026. Vol. 4. No. 1. P. 163–189. DOI: 10.53955/jsderi.v4i1.228. URL: <https://journal.contrariusactus.com/index.php/JSDERI/article/view/228> (accessed: 07.05.2026)

REFERENCES

1 Mahmakulov N.I., Choriev I.N. (2022) Mery po obespecheniju bezopasnosti gidrotehnicheskikh sooruzhenij // Nauka i obrazovanie. URL: <https://www.cawater-info.net/bk/dam-safety/papers.htm> (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)

2 2026 jyly 245 gidrotehnikalyq nysan memlekettik menşikke ötedi // DKNews. URL: <https://dknews.kz/kz/kazak-tilindegi-makalalar/370464-2026-zhyly-245-gidrotehnikalyk-nysan-memlekettik> (ötınış berilgen kün: 02.05.2026) (In Kazakh)

3 Muztauov Zh., Gavrilova Ju., Umarov D. (2024) Normativno-pravovoe regulirovanie gidrotehnicheskikh sooruzhenij i ih vlijanie na vodnuju bezopasnost' Respubliki Kazahstan // Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Serija: Pravo. No. 146(1). P. 158–175. URL: <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/354> (In Russian)

4 Teleuev G.B., Tanatbaeva Zh.E., Narzullaev O.H. (2025) Nekotorye voprosy pravil gosudarstvennogo pravovogo regulirovanija jekspluatacii gidrotehnicheskikh sooruzhenij v Respublike Kazahstan // Eurasian Scientific Journal of Law. No. 4(13). P. 42–52. DOI: 10.46914/2959-4197-2025-1-4-42-52 (In Russian)

5 Narzullaev O.K., Kholmuminov J.T., Baraton A.S., Mamatqulov R.P., Khamidov B.K. (2026) Ensuring the Safety of Hydraulic Structures in Central Asia: A Comparative Perspective // Legality: Jurnal Ilmiah Hukum. Vol. 34. No. 1. P. 46–66. DOI: 10.22219/ljih.v34i1.42508 (In English)

6 Mikanovich D.S. (2020) Prognozirovanie vozniknovenija chrezvychajnyh situacij na gruntovyh podpornykh sooruzhenijah shlamohranilishh Respubliki Belarus': dis. ... kand. tehn. nauk. Minsk. 214 p. (In Russian)

7 О безопасности гидротехнических сооружений: Закон Республики Узбекистан // Nacional'naja baza dannyh zakonodatel'stva Respubliki Uzbekistan. 2023. URL: <https://lex.uz> (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)

8 О безопасности гидротехнических сооружений: Закон Республики Таджикистан // Ahbori Madzhlisi Oli Respubliki Tadjikistan. 2020. No. 12(1), p. 825. URL: https://www.cawater-info.net/bk/water_law/pdf/tj_hts_safety_2010.pdf (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)

9 Vodnyj kodeks Kyrgyzskoj Respubliki ot 12 janvarja 2005 goda № 8 (v red. 2025 g.) // Oficial'nyj internet-portal normativnyh pravovyh aktov Kyrgyzskoj Respubliki. 2025. URL: <https://cbd.minjust.gov.kg> (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)

- 10 Vodnyj kodeks Respubliki Turkmenistan №685-V. 2015. URL: <https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=82935> (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)
- 11 Vodnyj kodeks Azerbajdzhanskoj Respubliki № 418-IQ. 1997. URL: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=2564 (data obrashheniya: 23.03.2026) (In Russian)
- 12 Qazaqstan Respublikasynyñ Su resurstary jäne irigasia ministrlyǵı. Resmi internet-resurs. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/water?lang=kk> (ötiniş berilgen kün: 07.05.2026) (In Kazakh)
- 13 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 jylǵy 4 qazandaǵy № 863 qaulysy «Qazaqstan Respublikasynyñ Su resurstary jäne irigasia ministrlyǵınıñ keibir mäseleleri» // Ädilet. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötiniş berilgen kün: 07.05.2026) (In Kazakh)
- 14 Qazaqstan Respublikasynyñ Su kodeksi №178-VIII. 2025. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000178> (ötiniş berilgen kün: 07.05.2026) (In Kazakh)
- 15 «Gidrotehnikalyq qurylystardyn qauipsizdigi turaly reglamentti bekitu turaly» QR Su resurstary jäne irigasia ministriniñ 2025 jylǵy 15 shildedegi № 173-NQ büiryǵy // Ädilet. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036459> (ötiniş berilgen kün: 07.05.2026) (In Kazakh)
- 16 Mukasheva A.A., Narzullaev O.K., Teleuyev G.B., Bekturganov A.E., Tanatbaeva Zh.E. (2026) Regulating Transboundary Water Resources and Hydraulic Infrastructure in Central Asia // Journal of Sustainable Development and Regulatory Issues. Vol. 4. No. 1. P. 163–189. DOI: 10.53955/jsderi.v4i1.228. URL: <https://journal.contrariusactus.com/index.php/JSDERI/article/view/228> (accessed: 07.05.2026) (In English)

ТЕЛЕУЕВ Г.Б.,*¹

PhD, ст. преподаватель.

*e-mail: telgalym@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9575-5278

ТАНАТБАЕВА Ж.Е.,¹

докторант.

e-mail: tanatbayeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9575-5536

РЕМИ М.,²

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: michei.remi@usa.es

ORCID ID: 0000-0003-0218-7377

НҮРМУХАНҚЫЗЫ Д.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: daniyafmo@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3817-1975

¹Жетысуский университет

им. И. Жансугурова,

г. Талдықорған, Қазақстан

²Кадисский университет,

г. Кадис, Испания

СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ В СФЕРЕ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ

Аннотация

В статье рассматривается деятельность государственных органов, ответственных за строительство и безопасность гидротехнических сооружений в Республике Казахстан. Устанавливается необходимость повышения эффективности государственного правового регулирования в сфере обеспечения безопасности гидротехнических сооружений. На основе сравнительно-правового анализа было проведено исследование специфики правового статуса органов, ответственных за эксплуатацию гидротехнических сооружений в странах Центральной Азии и других зарубежных государствах, предприняты научные инициативы по выявлению оптимальной модели управления эксплуатацией гидротехнических сооружений. Исследование завершилось выводами о необходимости совершенствования деятельности государственных органов, ответственных за эксплуатацию гидротехнических сооружений в Республике Казахстан. Был сделан вывод о необходимости принятия в нашей стране закона о гидротехнических сооружениях, устанавливающего полномочия и ком-

петенцию специализированного государственного органа. Результаты исследования рекомендуется использовать в научных исследованиях по водному праву страны и в законодательной деятельности, касающейся правового регулирования водных отношений.

Ключевые слова: гидротехнические сооружения, водные отношения, государственное регулирование, водная политика, трансграничное сотрудничество, адаптация к изменению климата, водное законодательство.

TELEUYEV G.B.,*¹

PhD, senior lecturer.

*e-mail: galim200385@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9575-5278

TANATBAYEVA Z.E.,¹

PhD student.

e-mail: tanatbayeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9575-5536

REMI M.,²

PhD, associate professor.

e-mail: michei.remi@usa.es

ORCID ID: 0000-0003-0218-7377

NURMUKHANKYZY D.,¹

PhD, associate professor.

e-mail: daniyafmo@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3817-1975

¹Zhetisu University named

after I. Zhansugurov,

Taldykorgan, Kazakhstan

²University of Cádiz,

Andalusia, Spain

COMPARATIVE LEGAL ANALYSIS OF THE ACTIVITIES OF STATE AUTHORITIES IN THE FIELD OF HYDRAULIC STRUCTURES

Abstract

The article examines the activities of the state bodies responsible for the construction and safety of hydraulic engineering structures in the Republic of Kazakhstan. It establishes the necessity of improving the effectiveness of state legal regulation in ensuring the safety of hydraulic engineering structures. Based on comparative legal analysis, a study was conducted into the specific legal status of the bodies responsible for the operation of hydraulic engineering structures in Central Asian states and other foreign countries, scientific initiatives were undertaken to identify the best model for managing the operation of hydraulic engineering structures. The study concluded with findings regarding the need to improve the activities of the state bodies responsible for the operation of hydraulic engineering structures in the Republic of Kazakhstan. It was concluded that a law on hydraulic engineering structures should be adopted in our country, establishing the remit and authority of a specialised state body. The results of the research are recommended for application in scientific research on the country's water law and in legislative activity concerning the legal regulation of water relations.

Keywords: hydraulic engineering structures, water relations, state regulation, water policy, transboundary cooperation, adaptation to climate change, water legislation.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 13.04.2026